

ЭПИСТЕМОЛОГИЯ МЕН ГНОСЕОЛОГИЯ

Орындаған.Расылхан Д.

Эпистемология (көне грекше: ἐπιστήμη — «ғылым және көне грекше: λόγος — «сөз») немесе гносеология (көне грекше: γνῶσις — «білім» және λόγος — «слово», «речь») немесе таным теориясы— философия ғылымының саласы, танымның мәнін, ерекшелігін, әдіс құрылымын, деңгейін, басқа таным формалармен байланысын зерттейтін ғылыми таным теориясы. Басқаша айтқанда, адамның тану қабілеті, танымның бастауы, формалары, әдістері туралы, ақиқат және оған жетудің жолдары туралы ілім. Айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнелеуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным процесінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістер, гипотезалары мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы

Эпистемология философиямен қатар пайда болып, өмір сүріп келе жатыр. Дегенмен егер қателік жібермесе, адам ақиқатты ақиқат ретінде тани алмас еді. Сондықтан гносеологияда адамның қалай адасатыны және одан кейін қалай тура жол табатыны да зерттеледі. Гносеология үшін дүние, адам және адамзат қоғамы туралы дәйекті білімдердің болуының қандай практикалық маңызы бар деген мәселенің өмірлік мәні ерекше. Осындай толып жатқан мәселелер жиналып келіп, "Білім деген не?" деген сұраққа жауап беретін таным теориясының өзекті мәселесін құрайды

- *Таным - бұл адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Философия тарихында таным деп адамның дәлелденген білім алу үшін әлемді және ондағы өзін мақсатты түрде бейнелеу аталған. Таным дегеніміз-білім алу үшін шығармашылық ізденіс. Таным адамның практикалық іс-әрекетінің рухани жағы болып табылады. Таным - адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттық жоғарғы деңгейі. Таным - адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылы іс-әрекетінің әлеуметтік процесі. Оның нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады. Таным теориясы немесе Эпистемология - бұл философия ғылымының бір бөлігі. Онда таным табиғаты мен оның мүмкіндіктері, шегі туралы мәселе қойылып зерттеледі. Таным теориясы туралы термин философия ғылымына 1854 жылы шотланд философы Дж. Феррердің еңбектері арқылы енді. Бірақ таным туралы мәселе өте ертеден бастап-ақ қойылып келеді. Өйткені танымнан тыс білім де, ғылым да болуы мүмкін емес. Таным теориясы этика, эстетика, адам туралы философиялық ілімдермен тығыз байланысты. Дегенмен, ол жалпы философия теориясының дербес бөлімі ретінде өзінің мағынасын сақтайды.*

- ◎ Гносеология (гр. *gnosis* - білім, таным+*logos* - түсінік, ілім) - таным туралы ілім, таным теориясымен айналысатын философияның тарауы, бөлімі. **Эпистемологиядан (ғылым теориясынан) айырмашылығы** таным процесін таным субъектісінің (зерттеушінің) таным объектісіне (зерттелетін объектіге) қатынастары тұрғысынан қарастырады. Танымды талдаудың негізгі гносеологиялық сұлбасы (схемасы) ақыл мен ерік (жігер, қайрат) берілген субъект пен оған қарсы тұратын, субъектінің санасы мен еркінен тәуелсіз және онымен тек танымдық (немесе практикалық-танымдық) қатынаспен байланысқан табиғаттың объектісін қамтиды.

- ◎ *Таным адамның практикалық іс - әрекетінің рухани жағы болып табылады. Ол еңбек құралдары - табиғат жүйесінің аясында іске асады, өйткені, адам еңбек құралдарының көмегімен заттардың мәнін жауып, көлеңкелеп тұратын сыртқы қабығын алып тастауға тырысады. Оны ашып, әлемнің құпиясына үңіледі.*
- ◎ *Таным - адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттың жоғарғы деңгейі.*
- ◎ *Таным - адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс - әрекетінің әлеуметтік процесі. Оның нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады.*

- *Таным теориясы немесе гносеология - таным табиғаты мен оның мүмкіндіктері, шегі туралы мәселені арнайы зерттейтін философия ғылымының бір бөлігі.*
- *Таным теориясы туралы термин философия ғылымына 1854 жылы шотланд философы Дз. Феррерердің еңбектері арқылы енді. Өйткені танымнан тыс білім де, ғылымда да болуы мүмкін емес.*
- *Философия тарихында таным теориясына ерекше мән беріп, оның ерекшеліктерін анықтаған философ Кант.*
- *Таным теориясы этика, эстетика, адам туралы философиялық ілімдермен тығыз байланысты. Дегенмен, ол жалпы философия теориясының дербес бөлімінің ретінде өзінің мағынасын сақтайды.*

- *Философиялық таным теориясының ерекшеліктері оны басқа ғылымдармен салыстырғанда көзге түседі. Таным мәселесін зерттейтін ғылымдардың саны көбейе түсуде.*
- *Қазіргі уақытта танымдық іс - әрекет психологияда, жоғары нерв қызметінің физиологиясында, кибернетикада, формальді логикада, тіл туралы ілімде, семиотикада, структуралық лингвистикада, мәдениет тарихында, ғылым тарихында зерттеледі.*
- *Соңғы жылдары психологияда когнитивтік немесе танымдық психология деген бағыт пайда болды. Ол үшін ең бастысы компьютермен аналогия болып табылады. Негізгі мақсаты - белгілі бір жүйедегі ақпарат ағынының қозғалысын бақылау.*

- Гносеологияның ең негізгі категориясы ақиқат болып табылады. Түйсік, ұғым, интуиция психология үшін индивидтің өмірлік іс - әрекетінің немесе оның тәртібінің психикалық формасы ретінде анықталады, ол философиялық таным теориясында олар ақиқатқа апаратын құрал ретінде зерттеледі. Ақиқат дегеніміз - қоғам, табиғат, құбылыстарының адам санасында объективті көрініс табуы.

- Таным процесі екі сатыдан тұрады: сезімдік және рационалдық таным. Бұл екі саты бірінен кейін бірі болатын жекеленген деңгейлер емес, олар біртұтас таным процесінің екі қарама - қарсы, бірақ бір - бірімен өте тығыз байланысқан жақтары. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де бар. Оны көрнекті етіп көрсету үшін мынадай кестені жасауға болады:

○ Сезімдік таным таным	Рационалдық
○ 1. Тікелей бейнелеу бейнелеу	1. Жанама
○ 2. Сыртқыны бейнелеу бейнелеу	2. Ішкіні
○ 3. Жекені бейнелеу бейнелеу	3. Жалпыны

- *Бұл кестеде сезімдік танымды сипаттайтын әрбір ережеге қарама - қарсы рационалдық танымға тән ерекшелік көрсетілген. Мұның мәні танымда бір - біріне қарама - қарсы екі процесс өзара әрекеттеседі, оның біреуі шындықты тікелей қабылдаумен, сезімдік образды бейнелеумен, ал екіншісі абстракты ойлаумен тығыз байланысты*